

Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді

Академик Жамбыл Ақылбаев еңбегінің ерекшеліктері

«Қоғамсыз адам жоқ, адамсыз қоғам жоқ» деген қағиданы басшылыққа алатын болсақ, тарих беттері ұлы тұлғалар мен батырларға, ғалымдар мен ғұламаларға, саясаткерлерге толы. Олардың жүріп өткен жолын саралау, ұлағатты сөздерін бағалау, өнегелі істерін айшықтау - рухани-адамгершілік мол тәрбиенің қайнар көзі. Сондықтан да белгілі бір тарихи кезеңдерде немесе дәуірлерде халықтың асыл арманын, тілек-мұратын білдіруші де, оларды жүзеге асыру үшін де сол қайраткерлік дәрежеге көтерілген адамдар ісінен сабақ алу - бүгінгі ұрпақтың ісі. Сондай бір, халқы үшін аянбай еңбек еткен, ардақты азамат, ұлағатты ұстаз, көмеңгер, рухты патриот, ғалым, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаев.


Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаевтың өмірі мен сан қырлы еңбек жолын ғылыми - теориялық тұрғыда талдауды елі де болса қажет етеді.

2015 жылдан бастап мектебіміз есімін алып отырған ғалымның ғылыми мұраларын жан-жақты талдау жасау үшін, физика ғылымының дамуына қосқан үлесін зерделеу мақсатында мектеп-гимназияда біршама игілікті істер атқарылуда. Атап айтар болсақ, Жамбыл Ақылбаевтың өмір жолы, ізгі қасиеттері және асыл мұраларын зерттеу үшін оқушылар мен мұғалімдерден өзіндік талдау жасау үшін арнайы шығармашылық топ мектепте өз жұмысын бастап та кетті.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана - Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда», - деп, Ұлт рухын асқақтатуға бағыт-бағдар берді. Мәңгі өлместей мұра болып қалуы үшін мек-

теп ішінде орналасқан мұражайға арнайы мұражай қызметкері берілді. Жылда бір құнды деректермен толықтыру дәстүрге айналған.

Ғалым ағамыздың еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі елеулі еңбектерін таныстыру, ұрпақ тәрбиесі мен білімнің дамуына қосқан үлесінің маңызын көрсету, ғалым ағамызды әр қырынан таныту үшін физика саласындағы мұраларын зерделей отырып, келешек ұрпақтың игілігіне айналуына өз үлестерін қосу мақсатында мектепте 10-11 сынып оқушыларына «Жамбылтану» авторлық бағдарламасы әзірленіп, оны мектебіміздің тарих пәнінің мұғалімі Шарипова Әлия Абзалбекқызы жүргізіп отыр



Быттырғы оқу жылынан бері мектеп бітіретін түлектердің ішінен физика пәнін таңдап отырған оқушылар Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаевтың физика саласында ашқан жаңалықтары мен еңбектеріне қызығып, өзіндік талдау жасап, ғылыми жобалар байқауына да қатысып, жүлделі 1,2 орындарды иеленіп қайтты. Быттырғы оқу жылында 11-сынып оқушысы Тілеуқұлова Мөлдір КҒА-на қатысып, акаде-



миктің өмірі мен шығармашылығын қорғап, республикадан III орынды иеленсе, биылғы оқу жылында 11-сынып түлегі Мейрамбек Ұланғасыр облыстық «ДАРЫН» ғылыми жобалар

мәселесіне, ЛЮМИНценциясы температураға сезімтал келетін жекелеген бояулар негізінде жанка полимерлік пленкалары, антрахионның спирттік ертінділеріне люминесценцияланатын кеңістік-уақыттық құрылымның жаңа түрлерін алуға, көрсетілге тәсіл негізінде гидродинамикалық ағындардың көзбен шолып бақылау әдістемесін жасау мен сынауға арналған жұмыстары туралы жұмысын сәтті қорғап келді. Оқушыларды ғылыми жобаларға баулуда, зияткерлік деңгейі жоғары балалармен жұмыс жасау алға қойылған. Осындай оқушыларға жетекшілік жасап жүрген ұстаздарымыз А.Шарипова, К.Ибраева, Г.Мықышева, Б.Түсіпхановалардың еңбектері бар.

Сонымен қатар, академик ағамыздың құрметіне жыл сайын мектебімізде 7-9 сынып оқушылары арасында физика пәні бойынша олимпиадалар дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады. Олимпиаданы өткізуге аудандық білім бөлімінің қолдауымен мектебімізде 2015-2016 оқу жылында алғаш рет аудандық олимпиада өткізілсе, быттырғы 2016-2017 оқу жылында ағамыздың атындағы олимпиада облыс көлемінде өткізілді. Оқушылар қызығады, еңбектенеді, ынталанады

2016-2017 оқу жылы өткен облыстық олимпиадаға облыс бойынша 49 оқушы қатысып, мектебіміздің 8-сынып оқушылары Серікбаев Азат пен Ерболат Исламдар жүлделі 3-орынды иеленіп, қаржылай сыйлыққа ие болды.

2015-2016 оқу жылы аудандық олимпиадаға аудан бойынша 50 мектептен 150 оқушы қатысты. Мектебімізден 6 оқушы қағысып, 6 оқушы да жүлдегер атанды.

Аталмыш олимпиаданың ашылуына өмірі мен шығармашылығына арнайы деректік фильм жасалды. Фильмді дыбыстаған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Бөлкенбаева болды. Бұл бейнебаянда тәрбиелік мәні зор мағлұматтар берілді.

Биылғы оқу жылында, яғни, 2017-2018 жылы оликипиадамен қатар, ағамызға арнап, аудан мектеп оқушылары арасында ғылыми-практикалық конференция өткіземіз деп жоспарлап отырмыз

Жамбыл Сәулебекұлы ғалымдық ұғымға қалтықсыз қызмет етті. Өзінің аса көрнекті ғалым атағына ие болғанын місе тұтпай, шәкірттер тәрбиеледі. Олар қазір республикамызда, ТМД және шетелдерде жемісті еңбек етуде.

Ғалым ағамыз қай жерде жүрмесін, қандай қызмет атқармасын, қай уақытта болса да адамдық арының өлшемін адамгершілік атты темірқазық деп ұққан екен. Өзінің жұмысқа сауаттылығымен, кәсіпті дұрыс басқара алуымен, адамгершілік қасиеттерімен есте қалған нағыз азаматтың қандай болу керектігін дәлелдеп кетті. Туған жеріне келіп, мінбеде тұрып бақилық болып кетуінде әлде бір бекзаттық, әлде бір қасиет бары анық. Жамбыл Сәулебекұлының жарық дүниеде қалдырған ізі ешқашанда ұмытылмақ емес.

Осы орайда ойымды ақиық ақын З.Сүйіндікұлының өлеңімен тәмамада-сам деймін.

Аға,
Жаралған жан едің бір дара,
Алтынмен де өлшенбейтін бағаң.
Абайдың ақылы, Сәкеннің сәні де
сен де еді,
Төскейде озып, қиялға қанат сермедің.
Жәкендей жақсының бүгінгі бір
көзі едің,
Ғылымның отын лаулата талмай
көседің.

Жайсаңдардың жиналып масаттанар
шақтарда,
Жоқ болып өзің ішінде, өртеніп тұр
өзегім

Есімде,
Елім, елім деп тұрдың, арманым да
тілегім,
Жерім, жерім деп тұрдың ұрпағымның
тіреп
Жақсылыққа шектелмей, жамандыққа
кектенбей,

Құшақтарға көктемдей,
Шыдай алмай кетті ме. сенің нәзік
жүрегің?!

Қ.БИҒОЖИН,
Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназия директоры.
Суретте: мұражайдың ашылу сәтінен.